



ЕРДЕМБЕКОВ БАУЫРЖАН, филология гылымдарының кандидаты. М.О. Жуэзов атындағы Семей университетінің ага оқытушысы, филология факультетінің деканы, проректоры қызметтерін аткарды. «Абай және Шәкәрім», «Біржан-Сара айтысындағы кокейкесті мәселелер», «Байгара ақыннан бастау алған он жеті ақын кімдер?», т.б. көптеген гылыми-зерттеу мақалаларының және «Әріп ақын» монографиясының авторы. Галым «Абайдың әдеби ортасы және ақындық мектебі» деген тақырыпта докторлық жұмысын сәтті аяқтап, қорғаударесине шықты. «Шәкәрім» журналы мен Шәкәрімтану гылыми-зерттеу Орталығы үмсімі Бауыржанса сәттілік тілей отырып, «Абай және Шәкәрім – рухани тұтыстық» мақаласын оқырмандарага ұсынады.

АБАЙ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ – РУХАНИ ТҰЫСТЫҚ

Абай – Шәкәрімнің ағасы десек – ол екі ақын арасын ашатын анықтамалыққа аздық етеді. Абай – Шәкәрімге рухани ұстаз, ақындыққа тәрбиелеген жан. Соңықтан да, Шәкәрімнің ақындығы туралы сез болғанда Абайсыз сез қозғау мүмкін емес.

Сондай-ақ, Абай касындағы өнерлі жастардың барлығын ақын ретінде кабылдап, ақын шәкірттері катарына жатқыза беруге болмайды. Абай жаңына тек ақынғана смес, «қөкірегі сезімді, тіл орамды» өнерлі жастардың кебісі жиналған, Абайдан тәлім алған. Ал, ақын шәкірттер, олар-бойында ақындық таланты бар, ол жайғана ақынжандылық, өлең құмарлық емес. Абай сиынан ете алатын шыныайы таланты бар Абай жаңынан табылатын ақындар.

Ақындық кабілеті жағынан да, білімі жағынан да Абайдың басқа шәкірттерден ок бойы озық тұрған Шәкәрім тұлғасы кенестік кезеңде зардаптың да ен ауырын арқалаганы белгілі. Абайдың сонын ала шықкан қазактың ен білімді зияльсы кенес идеологиясына аса жақпаганы анық. Оттызынши, қырқынышы жылдары Абай мектебі, оның ішінде Шәкәрім туралы М. Жуэзовтың шықралары қатты сынға алынды. 1951 жылдың 15 маусымында болған «Абайдың әдеби мұрасы мәселе»н талқылауга арналған гылыми айтыстағы» С.Мұқановтың Шәкәрім турасындағы (басқа шәкірттер де бар) айтыптау сыны – Абай мектебінің, оның ішінде Шәкәрім мұрасының болашағына орны толmas зардап әкелгенін ашық айттымыз керек.

Заман қанша қаңтакыл қойғанымен, Жуэзов Шәкәрім есімін келешек үрпакқа жеткізуге бар ықылас-кейіпін, құш-жігерін жұмсады. «Жуэзов жолдастың Шәкәрім бандит бол өлгеннен кейін де, оған мейірімді көзben карауга, ен женіл тілмен айтқанда-ұят», – деген (1,59)

С.Мұқанов енді Жуэзовтың көркем шығармаларындағы Шәкәрімнен елес беретін бейнегерге шүйілді. Оған себепte бар еді.

Жуэзов Абай мектебі тақырыбын көркем тұындыларына да арқау етті. Мұмкіндігінше, әрине! Негізгі идеясы – Абайды ақындар ұстазы дәрежесінде көрсеткен жазушының «Ақын аға» романы жарыққа шықтай жатып жергегінде тұншыкты. Кеининен бұл тұынды саясат талабымен түбесілі өзгерістерге ұшырап, еріксіз бүрмаланып, «Абай жолының» скіниші кітабы ретінде жарық көрді. Барға канагат!

Ұлы шығарманың екінші кітабы дүниеге келген күннен бастап романды жақтайдын және жөнсіз қаралайтын пікірлер айтылғаны белгілі. Жуэзов өзі ете жоғары бағалаған Ф.Мұсіреповтың «Абай романы туралы» деген сын мақаласынан бері қарайғы ғалымдардың, зерттеушілердің еңбектерінде Абай мектебі жайында сез қозғалмайды. Ол – занды да! «Абай жолының» екінші кітабынша Абайдың ақын шәкірттері деген түркес атымен жок. Орына Жуэзов «Абайдың жас достары», «Абай жаңындағы өнерлі жастар» дегенді қолданып, тығырыктан шығады.

Әсіл, Абайдың ақындық құдіреті өз ортасына әсер етуімен өлшенбек. Осы ақындық кемелдіктің бір қырын, Абайдың ұстаздық қараетін Жуэзов өз дәрежесінде сомдай алмай кетті. Ұакыт сомдатпады. Роман Абай шәкірттерінсіз (тарихи шындық тұрғысынан алғанда) дүниеге келді. Басқасын былай койғанда Абайдың ен көрнекті ақын шәкірті, ішіңі Шәкәрімсіз ұлы ақын туралы роман жазу – жоқтан бар жасаумен тен еді. Шұбар – Шәкәрім – Дармен! Бұл үштік Жуэзовтың саяси талапқа қарсы жасаған амалы еді. Көзі қырағы оқырман Дарменнен Шәкәрімді тапты. Ал, саяси тапымның

кәжеттілігі үшін Шұбардың прототипті – Шәкәрім. Әмірде Құнанбай туыстарының ішінде Шұбар деген адамның болғаны да рас. Абай елтінің шежіресі Б.Исабаевтың айтуынша: «Өскенбайдың өр токалы Таңшюлаптанан Шұбар, Елеусіз, Тілеуберді тудауды» (2,5). Әйтсе де, Әуезовтің сомдағаны бұл Шұбар емес. Эпопсиядагы Шұбар бейнесі, тағы да қайталаймыз, Әуезовтің айла тәсілі.

Ақын Абайдың интернационал, революционер Абай іздеғен заманда Әуезов Шәкәрім бейнесін бүркемелеп болса да беруге жан салғаны шыгармаға терен үнілген адамға бірден байкалды.

Дәрмен образы - Әуезов романда айта алмай көткен Абайлың ақын шәкірттерінің жиынтық бейнесі. Ғалым М.Базарбаев Дәрмен образына токтала келіп: «...Романның сонында Дәрмен Абай зиратының басына келіп: «Олс - өлтегише асыл сөздерін сактармын, ата, тәрбисенді актармын, ағажан,» – деп. берген аитында да көт магына . терен астар бар», – деген (3.273) пікір сұнғыша жазушының негізгі ой астарын дөп басқан.

Романда Абайдың ақындық мектебі туралы сез жок, бірақ шыгармаға діттеп үнілсөз ақындық мектеп идеясы бар. Қалай десек те. ұлы жазушының киыннан киыстыра білер шеберлігі саяси сыйының уысынан цықып кете білді.

Жалпы жас шағында М.Әуезов Шәкәрімнен көп-акыл кенес алып тұрган.

Ахат аксакалдың естелігіне үнілсек былай дейді: «Әкей жалпы жастарды, оның ішінде оқыған жастарды жақсы көретін.... Әзім толық (есімді) білетін кезде Мұхтар Әуезов, Даниял Ыскаков сиякты оқыған жастар келіп, бірнеше құн жатып, әкеймен әнгімелессетін. Соңда Мұхтардың көл сұрайтыны шығыстық ақын-жазушылары болатын... Мұхтар әкеймен жиі әнгімелессетін.

Сонда, Мұхтар мен арқылы әкейге хат жазып, керекгі сұраптарына жазба түрде жауап алып тұратын. Кейінде Мұхтар марқұм айтатын: «Сол кезде шығыс әдебиеттерінс Шәкәрімдей жүйрік адам көргем жок. Шығыс әдебиетіне берілуіме себеп болған ұстазым Шәкәрім!» – дейтін (4,20). «Шәкәрім және М.Әуезов» деген елі тені шешіле коймагантың тақырыпта жетелейді бұл жолдар. Демек, Ә.Тәжібаевтың: «Шәкәрімнің өмірі мен мұрасы гылыми негізде зерттеуге классик жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің жазғандары бағыт берері хак. Оның гылыми еңбектеріндегі Шәкәрім туралы айтқандарын жүйелеу жақет», – деп (5,22) кезінде айткан пікірі елі құн тәртібінен түсін жок.

Шәкәрім тұлғасы Абайдың баска ақын шәкірттерінен айтартылған түр. Өйткені, өзге шәкірттерге қарағанда Шәкәрім Абай тәрбиесін бала жастан көріп есті. А.Кұдайбердіұлының естелігіне көз жүгіртсөніз Абай Кұдайберді балаларының ішінде Шәкәрімге ерекше ықылас беріп, тәрбиесіне алған. Шәкәрімнің жасынан домбырага құмарлығын байқап домбыраши алғызып,

күсбегілігін танып, мергенге ертіп, тіпті жер өлшеуге келген орыс инженеріне косып «орыс тілін үйрен, әрі өнерін үйрен» деп әр өнерге баулыған.

Шәкәрімнің әр салада жазған шығармаларына Абай себепші болып отырды. Бір ғана мысал. Шәкәрімнің тарихи шығармасы – «Түрік , қырғыз һәм қандар шежіресі» Абайдың жөн сілтеуімен жазылған дүние. Шәкәрім Абайдың «Біраз сез қазактың тұбі қайдан шықканы туралы» деген тарихи шығармасын ұлғайтып, деректер коса отырып тұған тарихымыз үшін тәндессіз дүние калдырыды. Осындай сабактастықтар келтіре берсе жетерлік.

Абай қамкорлығының ензоры – Шәкәрімнің Меккеге аттануы еді. Абай кезінде көлін көш сермеп қалған кемел білімге Шәкәрім осы сапарында кол жеткізді. Бұл сапар, сез жок, Шәкәрімді өз заманының ен білімді адамдарының бірі етті. Стамбол, Мекке, Мәдинада кітапханалар бар, қандай кітаптар бар, кімдердин еңбектері құнды деген мәселелерді бүге-шігесіне дейін айтЫп, жөн сілтеуіш Абай болды. Экесінің кітапханасы тұрасында Ахат аксакал былай дейді: «Сол кезде Шәкәрімнің кітапханасындағыдан кітаптары бар адамдарды көргем жок. Батыс, Шығыс ақындарының толық жинактары, барлық елдін лұғаттары, газет-журналдары болатын», – деп (5,12) батыс пен шығыстың құнды кітаптарының біразын теріп көрсетеді. Осы арада елі қүнге түбегейлі зерттелмей келе жатқан Абай кітапханасы, Шәкәрім кітапханасы деген тақырыптардың колға алынбай жатқаптың айта кетуіміз керек. Шәкәрім кітапханасы деген тақырып – терен білімді, ындағаттың ізденісті, салмақты саралтауларды қажетсінетін, екіншін бірі игеріп кете алмайтын ауыр дүние. Шәкәрімнің білім алғаш көздерін анықтап алмай Шәкәрімді тану, басқаға таныту мүмкін емес...

Абайдың ақындық туралы, өлең туралы ойларын сез еткенде, алдымен ауызға оралатыны – «Өлең – сөздің патшасы» деп басталатын өлеңі.

Абайдың ақындық туралы жазған өлеңдерін, ошын ақындарға арнауынан бөліп қараша мүмкін емес. «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол» деген ақындықка ариалған өлеңінде Абай өзі ұстаз тұтқан қазактың ауызға ілінер деген үш ірі ақының таңдал алып, өлеңдеріне сын айтатыны белгілі. Өлеңге койған талабы биік Абайдың сынына жарағаны - Бұхар, Дулат, Шортанбайлар. Байқасаныз, бұлар Абайдың жасына жақын, ақындық әнері жетпегенмен деңгейлес ақындар – сынға ұшырап отыргандар.

Ендігі жерде «Сөз түзелді, тыңдауши сен де түзел» деген қағиданы ту еткен ақын касындағы шәкірттеріне сынды мейілінше күшіштей түседі.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деп басталатын өлеңінде «сөзімді тасыр үқпас» деп талапты жас ақындарға салмақты ескерту жасайды.

Сөз айттым «Әзірет Әлі, айдаңарызы»
Мұнда жок «алтын иек, сары ала қыз».

Кәрілікті жамандап, өлім тілеп

Болсын деген жерім жоқ жілтіг арсыз.

Бір шумақ еленинде үш акынды, өзінін ең талантты деген үш шәкіртінің өлеңдерін сынаған. Өлеңге анықтаманы Тұрағұл Абайұлынан тыңдайық: «Мен жазбаймын өлеңді өрмек үшін» деген өлеңди Шаһкерім жақының жас күніндес кәрілікті жамандап, алғыстан аслай өлеңік, кәріт, жат деп, былишілдап шат деп айтады деп, бозбалашылықты мактап, «Шилткен шымылдық құрып, томашадан жастық қыл» деген өлеңі болған. Көкбай молданын «Әзірет Әлі айдаңармен алысыпты» деген өлеңі болған. Әріп деген сыйбан, өлең жазғыш жігіт «Зияда» деген өлең жазған, қызды мактамақшы болып суреттегендес көзі гауһар, иегі алғын деп, осы сыйқылды алтын тастарды ғүсіне қарамай сұлудың бетіне жаисыра берген. Сол ушеуіне ой салып, құбыла көрсөтлекші болып жазып еді. Ол өлеңге Әріп кектешп, Біржан мен Сара деген қыз айттысыпты деп өлең жазып, біздін аксакалды жамандайды Біржанның Арғын емес, Керей екенін білменті» (6,44-45). Сөз болып отырган акындардың бәрін көріп, касында жүрген Тұрағұлдың айтқанынан артық айта алмаспаз. Олай деп отырганымыз, кейінгі жылдары кеңестік заманда тиым салынған тақырыптарға жол ашылып, соның ішінде Шәкәрім шығармашылығы жайында да айтартылған мәлшерде зерттеулер жазылып жатқаны анық. Республикалық «Абай» журнальнын 2006 жылғы №1,2 сандарында А.Омаровтың «Шәкәрімнің өмірбаяны» деген аттеп көлемді макаласы басылды. Мақалага толық талдау жүргізіп, баға беру біздін максатымыз болмагандыктан, жоғарыдағы Абай өлеңіне катысты айткан автордың ойына тоқтала кеткенди жөн көрдік. Өлеңге тоқтала келіп, автор: «Бізше Абай өлеңіне бірден бір себепкер, жалғыз түрткі жас Шәкәрім болған», - деп (7,45) сол ойын дәлелдеуге тырысады. Автордың пайымдауынша «Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар», «қыныр келмей» т.б. Абай сөзінің бәрі тек Шәкәрімге арналған да «Әріп пен Көкбай акынны Шәкәрімге қосақтала сыналуы тек бұркемелеу айласы» деп тұжырады. «Өлеңі бар, өнерлі інім» деген Абай сөзі жалғызы магынада, яғни, Шәкәрімге арналған «өнерлі іні» де «өлеңі бар» да Шәкәрім», - деген сияқты Абай сөзін ез әлініше тек Шәкәрімге карағылғанын дәлелдеуге біраз сөзін жұмсаған. Өлеңдегі «сәнкөй, керім-кербез жігіт» Шәкәрім екен де, ал Әріп пен Көкбай жасында сәнді күніп, серілік құрманғы. Есінде болса, Кекбайға «Әсемсіп, сәнеп» дейтін Абайдың езі емес пе?

Керек десеніз, мәссле Абайдың әлгі сөздерді накты кімге карата айтканында емес. Дәл осы өлеңді жазғанда үш акынды да сынап отыр. Анауысын негізде алған, мынауысы тек фон десек, Абай ойына киянат болады. Осы арада Абай сыйның кай шәкіртіне қарата айттылды деген емес, үстаздың сыйның кай шәкірт қалай түсініш деген мәселе тереңірек үнілсек, өлеңнін табигатыға емес.

тағызымдық касиеті де ашыла түсерді.

Өлеңдің әр ақыл өзімеп деп қабылдағанына дау тумауы кажет. Ол – Әріптің Абайға кектегені, (бұл арада ұстаз бер шәкірт арасындағы өнер кегі) «Біржан-Сара» айттысында – Абайды жамандадауы. Ескерте кетеңік, Әріп Абайды Сара аузымен жамандағанымен, Біржан аузымен асыра ақтап алады. Ал, Шәкәрім «Жастарға» өлеңнінде көтөлгін мойындаиды.

Айттайык дегеніміз, Абайдың анық айтЫП тұрған түсінікті сезінін астарынан балама іздең, басқаша ойланып көю, немесе «Абай мына тұста билай айтпак болған, осыны менzen тұр» деген сияқты жалан философияға бару кейінгі әдебиетшілерді адастырады. Дұрыс тұрған сөзді майшекше айналдырып. Көкбай мен Әріпке айттылған сынды бұркемелей берсек, ертен өзі әрі тарт та, бері тарт болып жүрген Бұхар, Дулат, Шортанбайларды Абайдың аузынан алып тастамасымызға кім кепіл. Магынасы нәзік, түсініктеге зәру астарлы сезі бар да, тобеннен көс қолдап ұрандаиды қың анық айтатын сезі бар, Абайдың Соғысына еш анықтаманың да, түсініктің де кажеті жок. Осы өлеңді себеп еткен А.Омаровтың «Сонымен аға акын мен шағындардың (Абай мен Шәкәрімді айтады Е.Б.) ортак бағыт, осы негізде қалыптасатын шығтай рухани туыстық 1887 жылға дейін болмagan десек ката емес», – деген (7,47) пікір жеті жасынан Абай тәрбие сінде болған Шәкәрім мен Абай арасындағы рухани байланысты жоққа шығаратын тым үшшары айтылған пікір.

Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани байланыс туралы тамыры теренге кететін тақырыптың тек көбігіға салынып жеткізілді десек болғандай. Екі акын арасындағы рухани жақындықтың бір күесі – Абай сыйны.

Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,

Болсын деген жерім жоқ жілтіг арсыз, –

деген шумактын соңғы түйіні:

Кызуыз тәнің,

Сезімсіз жалын –

Болады кәрілік белгісі.

Оны да сезебей,

Үмітін үзбей,

Келмейді шалдың өлгісі.

Алпыстан әрі бармандар,

Байкамай шал боп қалмандар! –

деген аяқталатын Шәкәрімнің «Кәрілік туралы» өлеңін ынсанага алған. Басқа екі шәкіртке сияқты Шәкәрімге де бұл сыйнан тимеген. Көкбай жырын жоғалтыптынса, Әріп басқа шығарма жазып ұстазынан «өш алғандай», карымтасы кайткандаиды болады. Ұстаз сыйнының Шәкәрімге каншалықты эсері оның «Жастарға» деген үзақ өлеңніңде айқын көрінеді. Елшіндегі келенсіздікті айта келіп:

Абай жүр соны мазак өлең қылып,

Біреу ұғар ма деп көзі ашылып,

Бізде біразырақ айтканы бар

Күр кылжактай берме деп боска күшпі, – (5,39)

деген сөздер Абай өлеңине мейзінді. Абайдың «Қызыл да, қызылшыл», «Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз елірмө», «Сәнкөй, дәнгөй, ойнассы, керім-кербез» дегендегі жаңға ауыр сөздер. Шәкәрімнің:

Шиканымды езгендей шыкты жаңым

Айтқанда естігендегі үгүп келіп, –

деп ширығатыны содан. Шәкәрімнің де әү баста ұстаз сынына ешкіоздене калғаны анық:

Пу дегенде бұл сөзі жаңға батты,

Бұрын ондай кортем жок жаманатты.

Кайырусыз, қағусыз ескен басым

Бүлкүндым шу асаудай мойны қатты.

«Ашу – алдан» дегендегі ақылга женшірген талаңғы жас кеменгер ұстаздың сынын ой таразысына салып, саналы корытынды шығарады.

«Неге мұндан қатты айтты?» – деп ойласам,

Оленин сиртты ашы, іш тәтті

Жаңы ашып, жаксы сокпақ тазалапты.

Жігерленеш, білсін деп табалапты.

Жоба көрмей, жүгендіс кетпесін деп

Қатты сөзбен кайырып камалапты, – (5,40)

деген жолдардан саналы шәкіртті рухани ғләниске салған ұстаз сынының қуатты інтижесін ангарамыз. Хәкімнің үш-ақ ауыз сөзі үш шәкірттің бұдан байлайғы ақылдық жолына каншалықты асер еткенін осы саралтаулардан-ақ байқауга болады.

Осы арада бір ескеретін жай Шәкәрімнің ұстаз сынына корытынды шығарып ез ойын ортага салған «Жастанға» елени ақын жинактарында 1879 жылы жазылған деп көлтіріліп жүр. Яғни, Абай сынына дейін («Мен жазбаймын...» елени 1889 жылы жазылған) он жыл бұрын жазылған болып шығады. Шәкәрімнің «Жастанға» елецишегі әлгіндегі сөздер Абай сынына катысты айтылған десек, онда Шәкәрім шығармасының 1979 жылы жазылуы логикалық жағынан мүмкін емес. Екіншіден, олеңнің табигаты 21 жастағы бала Шәкәрімнің емес, отыздан асқан Шәкәрімнің сез сұлбасына келеді. Яғни, елсен Абай еленинен, 1889 жылдан кейін жазылған деген болжам айтуға болады. Демек, Абай синаған «Көрлік туралы» олецимен «Жастанға» елени бір жылда жазылған деуте негіз жок. Шәкәрім елнендерін бізге жеткізуіш Ахат Құдайбердіұлы: «Жастанға» олеңин Шәкәрім он тоғыжасында жазған» деп (4,15) көрсетеді. Дегенмен, «1878 бен 1904 жылдарда жазған елнендерін сиғен», – деп Ахаттың езі атап көрсететін Шәкәрімнің «Қазақ айнасы» кітабына «Жастанға» елени сиғен. Сондай-ақ, А.Құдайбердіұлының сезінсінек «Жастанға туралы» деген елненде де 1879 жылы жазылған, яғни, Абайдың атакты сегізаяқ үлгісімен жазылған елени «Сегі аяқтан» он жылдай бұрын жазылған болып шығады. Кейір зерттеушілер Абай елецинің кейін жазылғанын

тілгетіск стіл: «Сегізаяктың атагын шығарған Абай болса да, негізін қалаган Шәкәрім болуы ықтимал», – деген (8,55) болжам айтады. Бұл түрғыдағы Ш.Сәтбаеваның төмендегі пікірімен де санақсан жөн: «Ақының баласы Ахат Құдайбердисівтің көрсетуі бойынша, «Жастанға туралы», «Көрлік туралы», «Жастанға» деген ұзак өлеңнен 1879 жыл; «Жаз келер» деген өлөннен 1880 жыл койылған. Мұның езі шартты сияқты. Басқа өлөннен жыл койылмаған, жыл койылмау, әрине, ақынның творчестволық әволюциясын зерттеуді, толысу жолдарын анықтауды киындалатыны сөзсіз. Ақын туындыларының кейбірінің жазылу мерзімін тек басылған жылдарына қаралған шартты түрде анықтауга болады» (9,75-76). 1988 жылы шықкан ақынның көс жинағында да бірізділік жок. «Жазушы» баспасынан шылқан жинақта (құраст. М.Жармұхамедов, С.Дәүтov) «Жастанға туралы» деген өлеңнің аяғында 1879 жыл деп көрсетілсе, (караныз: 5,29), «Жалын» баспасынан шықкан жинақта (құраст. М.Магаун) осы өлөн 1883 жылы шықкан дес көрсетілген (караныз: 10,37). Сондай-ақ, екі жинақтағы басталық бес-алты өлөннен баскасының жылдары көрсетілгенесек ескерсек, Шәкәрім шығармаларының жазылған жылдарын анықтау - күн тәртібінен түснеген мәселе болып қала бермек. Өйткені, ақын шығармаларының хронологиясын жасап алмай, Шәкәрімнің шығармашылық өмірбаяны туралы сөз қозғау мүмкін емес скендигін салиқалы зерттеушілердин үғынар кезі жеткендей.

Найдаланған әдебиеттер:

1. Мұқанов С. Абайдың шәкірттері туралы // Абай. 1992. №4.
2. Исадаев Б. Ұлылар мекені. Новосибирск, 2001.-623 бет.
3. Базарбаев М. Замана тұдырган әдебиет. –Алматы: Фылым. 1997. 504 бет.
4. Шәкәрімұлы А. Менің әкем, халық ұлы – Шәкәрім // Жұлдыз. 1992. № 11.
5. Құдайбердис Ш. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1988. -560 бет.
6. Құнанбаев Т. Әкем Абай туралы. –Алматы: Атап тіл, 1993. -56 бет.
7. Омаров А. Шәкәрімнің өмірбаяны // Абай. 2006. №2.
8. Елікбаев С. Шәкәрім елени ернегі // «Шәкәрім – Ұлы Абай дәстүрін жалғастырупты және дамытушы» тақырыбында республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Семей, 1998. 158 бет.
9. Сәтбаева Ш. Лирикалық өрнектер сирь // кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. 2-к. – Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. 360 бет.
10. Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза. –Алматы: Жалын, 1988. -256 бет.